

2016 жылы қоғамдық жұмыстарды жергілікті бюджет қаражаты есебінен ұйымдастыру және оның көлемі туралы

Күшін жойған

Оңтүстік Қазақстан облысы Созақ ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 1 ақпандағы № 79 қаулысы. Оңтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 19 ақпанда № 3598 болып тіркелді. Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облысы Созақ ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 3 мамырдағы № 189 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облысы Созақ ауданы әкімдігінің 03.05.2016 № 189 қаулысымен.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31 бабының 2 тармағына, "Халықты жұмыспен қамту туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 7 бабының 5) тармақшасына және 20 бабына, "Халықты жұмыспен қамту туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңын іске асыру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 19 маусымдағы № 836 қаулысына сәйкес, Созақ ауданы әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. 2016 жылы ақылы қоғамдық жұмыстар жүргізілетін ұйымдардың тізбесі, қоғамдық жұмыстардың түрлері, көлемі және оларды қаржыландырудың көздері осы қаулының қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. Қоғамдық жұмыстарға қатысатын жұмыссыздарға еңбекақы төлеу еңбек шартының негізінде Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес реттеледі және орындалатын жұмыстың санына, сапасына және күрделілігіне байланысты болады.

3. Ақы төленетін қоғамдық жұмыстарға қатысатын жұмыссыздарға еңбек заңнамасы, зейнетақымен қамсыздандыру және сақтандыру туралы заңнама қолданылады.

4. "Созақ ауданы әкімі аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіпте:

1) Қазақстан Республикасының әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін;
2) осы қаулыны Созақ ауданының аумағында таратылатын мерзімді баспа басылымдарында және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялануын;

3) осы қаулыны Созақ ауданы әкімдігінің интернет-ресурсына орналастыруын қамтамасыз етсін.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары
Б.Әлмағанбетке жүктелсін.

6. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн
өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

М.Исаев

Созақ ауданы әкімдігінің
2016 жылғы 1 ақпандағы
№ 79 қаулысымен бекітілген

2016 жылы ақшлы қоғамдық жұмыстар жүргізілетін ұйымдардың тізбесі, қоғамдық жұмыстардың түрлері, көлемі және оларды қаржыландырудың көздері

к/ с	Мекеме, кәсіпорын атауы	Жылына қоғамдық жұмыстарға сұраныс / адам саны/	Қоғамдық жұмыстың түрі мен көлемі	Қаржыландыру көзі
1	"Созақ ауданы әкімі аппараты" мемлекеттік мекемесі	5	Құжаттарды өңдеу және сақтауға дайындауда көмек көрсету Аумақты экологиялық сауықтыру, көріктендіру	Аудандық бюджет
2	"Шолақорған ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі	109	Тұрғындардың үйлерін аралау, ауыл округінің әлеуметтік картасын құрастыруға қатысу Аумақты экологиялық сауықтыру, елді мекендерді көріктендіру	Аудандық бюджет
3	"Созақ ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі	40	Тұрғындардың үйлерін аралау, ауыл округінің әлеуметтік картасын құрастыруға қатысу Аумақты экологиялық сауықтыру, елді мекендерді көріктендіру	Аудандық бюджет
4	"Құмкент ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі	20	Тұрғындардың үйлерін аралау, ауыл округінің әлеуметтік картасын құрастыруға қатысу Аумақты экологиялық сауықтыру, елді мекендерді көріктендіру	Аудандық бюджет
5	"Жартытөбе ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі	20	Тұрғындардың үйлерін аралау, ауыл округінің әлеуметтік картасын құрастыруға қатысу Аумақты экологиялық сауықтыру, елді мекендерді көріктендіру	Аудандық бюджет
6	"Сызған ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі	20	Тұрғындардың үйлерін аралау, ауыл округінің әлеуметтік картасын құрастыруға қатысу Аумақты экологиялық сауықтыру, елді мекендерді көріктендіру	Аудандық бюджет

7	"Қаракүр ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі	20	Тұрғындардың үйлерін аралау, ауыл округінің әлеуметтік картасын құрастыруға қатысу Аумақты экологиялық сауықтыру, елді мекендерді көріктендіру	Аудандық бюджет
8	"Қаратау ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі	20	Тұрғындардың үйлерін аралау, ауыл округінің әлеуметтік картасын құрастыруға қатысу Аумақты экологиялық сауықтыру, елді мекендерді көріктендіру	Аудандық бюджет
9	"Жуантөбе ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі	20	Тұрғындардың үйлерін аралау, ауыл округінің әлеуметтік картасын құрастыруға қатысу Аумақты экологиялық сауықтыру, елді мекендерді көріктендіру	Аудандық бюджет
10	"Тасты ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі	15	Тұрғындардың үйлерін аралау, ауыл округінің әлеуметтік картасын құрастыруға қатысу Аумақты экологиялық сауықтыру, елді мекендерді көріктендіру	Аудандық бюджет
11	"Шу ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі	10	Тұрғындардың үйлерін аралау, ауыл округінің әлеуметтік картасын құрастыруға қатысу Аумақты экологиялық сауықтыру, елді мекендерді көріктендіру	Аудандық бюджет
12	"Таукент кенті әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі	10	Тұрғындардың үйлерін аралау, ауыл округінің әлеуметтік картасын құрастыруға қатысу Аумақты экологиялық сауықтыру, елді мекендерді көріктендіру	Аудандық бюджет
13	"Қыземшек кенті әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі	10	Тұрғындардың үйлерін аралау, ауыл округінің әлеуметтік картасын құрастыруға қатысу Аумақты экологиялық сауықтыру, елді мекендерді көріктендіру	Аудандық бюджет
14	Оңтүстік Қазақстан облысы "Созақ аудандық қорғаныс істері жөніндегі бөлімі" мемлекеттік мекемесі	5	Аумақты абаттандыру және көгалдандыру жұмыстарына көмектесу	Аудандық бюджет
15	"Созақ ауданы әкімдігінің жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі	5	Үйде әлеуметтік күтімге алынған зейнеткерлерге және мүгедек балаларға әлеуметтік көмек көрсетуге жәрдемдесу	Аудандық бюджет
16	Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі Оңтүстік Қазақстан облысының Әділет департаменті Созақ ауданының Әділет басқармасы" мемлекеттік мекемесі	5	Мұрағат кітаптарын ішінара жаңғырту, кітаптарды тігуге дайындау және жасақтау, үй аралау, сұраным бойынша іздеу салу	Аудандық бюджет
	"Оңтүстік Қазақстан облысының ішкі істер Департаменті Созақ		Жастардың арасында салауатты өмір салтын насихаттау жұмысын ұйымдастыру, кәмелетке толмағандардың	

17	ауданының ішкі істер бөлімі" мемлекеттік мекемесі	20	арасында құқық бұзушылықтың алдын алу ("Сақшы" және "Тәртіп" пилоттық жобалар)	Аудандық бюджет
	Барлығы	359		

Ескертпе: қоғамдық жұмыстардың нақты жағдайлары жұмыс берушімен және қоғамдық жұмысқа қатысатын азаматтың арасында жасалатын еңбек шартында көзделеді.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК